

Тракторларға және олардың базасында жасалған өзі жүретін шассилер мен механизмдерге, олардың тіркемелеріне, соған қоса арнайы жабдық орнатылған тіркемелерге, өзі жүретін ауыл шаруашылығы, мелоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдеріне, сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналарға жыл сайынғы мемлекеттік байқау өткізу ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2003 жылғы 8 қыркүйектегі N 468 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 18 қарашада тіркелді. Тіркеу N 2563. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 10-1/18 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 217 бұйрығымен .

"Қазақстан Республикасының "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңын орындау үшін б ұ й ы р а м ы н :

Ескерту: Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 217 бұйрығымен .

1. Ұсынылып отырған Тракторларға және олардың базасында жасалған өзі жүретін шассилер мен механизмдерге, олардың тіркемелеріне, соған қоса арнайы жабдық орнатылған тіркемелерге, өзі жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдеріне, сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналарға жыл сайынғы мемлекеттік байқау өткізу е р е ж е л е р і б е к і т і л с і н .

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 217 бұйрығымен .

2. Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және техникалық саясат департаменті (Доскенов М.Ж.) заңнамаларда белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Вице-Министр А. Евниевке

ж ү к т е л с і н .

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің
2008.11.27 N 732 бұйрығымен .

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің

орынбасары - Министр

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
орынбасары - Қазақстан
Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрінің
2003 жылғы 8 қыркүйек
N 468 бұйрығымен
бекітілген

**Тракторларға және олардың базасында жасалған
өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге,
монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді
қоса алғанда, олардың тіркемелеріне, өздігінен
жүретін ауыл шаруашылық, мелиоративтік және
жол-құрылыс машиналары мен механизмдеріне,
сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналарға жыл
сайынғы мемлекеттік техникалық байқау жүргізу
Ережелері**

Ескерту: Ереженің атауына өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы
министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 217 бұйрығымен .

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Агроөнеркәсіп кешенін және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 310 қаулысына сәйкес әзірленген, және Қазақстан Республикасының барлық аумағында тракторларға және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелеріне, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық,

мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдеріне, сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналарға (бұдан былай - машиналар) жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқау жүргізудің бірыңғай тәртібін белгілейді және шаруашылық кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер үшін олардың ведомстволық бағынушылығына қарамастан, сондай-ақ басқа да машиналары бар азаматтар (бұдан былай - "иеленушілер") үшін міндетті болып табылады.

Ескерту: 1-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 217 бұйрығымен .

2. Жылына бір рет техникалық байқауға заңды және жеке тұлғалардың иелігіндегі және Мемтехинспекцияның аумақтық басқармаларында есепте тұрған , тракторлар және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдер, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелері, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдері, сондай-ақ жоғары өтімді арнайы м а ш и н а л а р ж а т а д ы .

Жылына мемлекеттік техникалық байқауға сонымен қатар ауылшаруашылық құрылымдардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің комбайындары д а ж а т а д ы .

Ескерту: 1-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 217 бұйрығымен .

3. Машиналарға мемлекеттік техникалық байқау техникалық жай-күйін бағалау, олардың санын, кімдікі екенін және басқа да тіркеу көрсеткіштерін анықтау, қоршаған ортаның экологиялық жай-күйіне әсерін тигізетін, техникалық пайдалану және қауіпсіздік техникасы ережелерін өрескел бұзуды болдырмау, бұзылуын ескерту шараларын іске асыру мақсатында жүргізіледі.

4 . < * >

Ескерту: 4-тармақ алынып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2008.11.27 N 732 бұйрығымен .

2. Машиналардың техникалық жай-күйін байқауды ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар

5. Мемтехинспекция органдары заңды және жеке тұлғалардың келісімімен машиналарды техникалық тексерудің облыстық, аудандық Астана және Алматы қалалық кестесін жасайды, осы кестеде техникалық тексерудің өткізілетін орны, күнтізбектегі күндері және өткізілетін уақыты туралы мәліметтер болуы тиіс. Облыстар, Астана және Алматы қаласы бойынша жиынтық кестені Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық аумақтық және Астана және Алматы қалалық Агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік

инспекция комитеті инспекциясының бастығы бекітеді.

Ескерту: 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2008.11.27 N 732 бұйрығымен .

6. Облыстың (ауданның, қаланың) Мемтехинспекциясының инженер-инспекторлары мемлекеттік техникалық байқаудың басталуына 30 күн қалғанға дейін кешіктірмей машиналарын мемлекеттік техникалық бақылауға ұсынудың мерзімдері, шарттары мен тәртібі туралы (жергілікті басылымда жариялау арқылы) машиналардың иеленушілерін хабарландыруға міндетті.

7. Жыл сайынғы машиналардың мемлекеттік техникалық байқау тексерудің мерзімін көктемгі дала және жиым-терім жұмыстары басталғанға дейін машиналардың тұрған жеріндегі Мемтехинспекция белгілейді.

Ауыл шаруашылығы жұмыстарының басталуына екі апта қалғанда машиналарды мемлекеттік техникалық байқауға тиым салынады.

8. Заңды тұлғалар машинаны мемлекеттік техникалық бақылауға мынадай құжаттарды ұсынады :

1) маркасын және моделін, шыққан жылын, машинаның және двигательдің зауыттық нөмірін, нөмірін, сериясын және мемлекеттік нөмірлік белгісін көрсетіп баланста тұрған машиналардың тізімін;

2) машинаның тіркеу құжаттарын;

3) заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған машинаны мемлекеттік техникалық байқау актісі (1-қосымша) (2 дана).

9. Жеке тұлғалар машинаны мемлекеттік техникалық байқауға мынадай құжаттарды ұсынады :

1) жеке басты куәландыратын құжатын;

2) азаматтың меншік иесінің мүддесін қолдайтынын куәландыратын құжатын ;

3) рұқсат етілген белгілері бар тракторист-машинист куәлігін;

4) машинаның тіркеу құжаттарын;

5) көлік құралдарына салық төлегенін растайтын құжат немесе көлік құралдарына салық төлеуден босатылғанын растайтын құжат.

Ескерту: 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.02.15 N 92 бұйрығымен .

10. Машиналарды мемлекеттік техникалық байқау мына комиссия құрамында жүргізіледі: Мемтехинспекцияның инженер-инспекторы - комиссия төрағасы, мекеменің бас инженер-механигі және еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздігі инженері. Комиссияның құрамына жоғарғы орган басқармасының инженер-техник жұмыскерлері, жөндеу қызметін көрсету мекемесінің, штаттан тыс мемтехинспекторлар кіре алады.

3. Машинаға мемлекеттік техникалық байқау жүргізудің тәртібі

11. Машиналарды мемлекеттік техникалық байқау олардың тұрақты тіркелген жерінде өткізіледі.

12. Меншік иелері, иеленушілер иелігіндегі машиналарды өз уақытында және белгіленген жерге мемлекеттік техникалық байқауға ұсынуға міндетті. Белгіленген мерзімде мемлекеттік техникалық байқауға ұсынылмаған машиналар, техникалық байқаудан өтпеген деп танылады, "Қазақстан Республикасының жол жүрісі ережелерін, Көлік құралдарын пайдалануға жіберу бойынша негізгі ережелерін және лауазымды тұлғалар мен жол жүрісіне қатынасушылардың жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша міндеттері және Көлігі арнайы жарық және дыбыс беруші құралдармен жабдықталуға және арнайы түстіграфикалық схемамен боялуға жататын арнайы және жедел қызметтердің тізімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 қарашадағы N 1650 (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 мамырдағы N 643 қаулысымен өзгерістер енгізілген) қаулысымен бекіген Қазақстан Республикасының жол жүрісі ережелеріне сәйкес, оларды пайдалануға уақытша тиым салынады.

13. Инженер-инспектор машинаны мемлекеттік техникалық байқау жүргізгенде:

1) машиналардың кімге тиесілі екенін анықтайды, машиналар мен двигательдің тұрпатының, модельдерінің, шыққан жылдары мен зауыттық нөмірлерінің, мемлекеттік нөмір белгілерінің тіркеу құжаттарында жазылған мәліметтерге сәйкестігін тексереді;

2) машиналардың техникалық жай-күйінің, адамдардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне, қоршаған ортаны қорғау қауіпсіздігінің талаптарына сәйкестігін, Қазақстан Республикасында белгіленген қолданыста жүрген стандарттарға, сертификаттарға, шығарған-зауыттардың пайдалану жөніндегі нұсқауларына және басқа да нормативтік құжаттамалар, сонымен қатар Жол жүрісі ережелерінің және тіркеу құжаттарының талаптарына сәйкестігін тексереді. Міндетті тексеруге мыналар жатады: тежеу жүйесінің жұмысы, рулдік басқару, доңғалақ және шина, жарық және дыбыс жабдықтары, тіркеу құрылымы.

Тіркемелердің техникалық жай-күйі трактор поездың құрамында (тарту-жалғау қондырғыларының және тежегіштің блокировкасын тексеру үшін) тексеріледі;

3) тракторшы-машинистердің тракторшы-машинист куәлігінің бар жоғын, осы категориядағы машинаны жүргізуге рұқсат беретін белгілерімен, машинаны

жүргізуге жарамдылығы жөніндегі медициналық анықтаманың (медициналық қайта куәландыру мерзімдерінің сақталу) сәйкестілігін тексереді.

Иеленушіде машинаны жүргізу құқына куәлігі жоқ болған жағдайда немесе медициналық куәландыру анықтамасы болмаған жағдайда техникалық байқау жүргізілмейді, машинадан нөмірлік белгі алынып, техникалық байқау өткізудің жаңа мерзімі белгіленеді.

14. Тіркеу мәліметтерінен айырмашылықтар тапқанда, техникалық паспортта машина мен двигательдің зауыттық нөмірлері, мемлекеттік нөмір белгілері жасанды өзгертілген болса Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шаралар қолданылады.

15. Машиналар, Машиналарды мемлекеттік техникалық байқауға байланысты талаптарды регламенттеуші нормативтік-техникалық құжаттардың тізбесі белгіленген талаптарға жауап бермесе (2-қосымша) немесе жол жүрісі және қоршаған ортаны қорғау қауіпсіздігіне қауіп төндіретін ақауы болса, ақаулы деп есептеледі және "Қазақстан Республикасының жол жүрісі ережелерін, Көлік құралдарын пайдалануға жіберу бойынша негізгі ережелерін және лауазымды тұлғалар мен жол жүрісіне қатынасушылардың жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша міндеттері және Көлігі арнайы жарық және дыбыс беруші құралдармен жабдықталуға және арнайы түстіграфикалық схемамен боялуға жататын арнайы және жедел қызметтердің тізімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 қарашадағы N 1650 (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 мамырдағы N 643 қаулысымен өзгерістер енгізілген) қаулысымен бекіген Қазақстан Республикасының жол жүрісі ережелеріне сәйкес оларды пайдалануға белгіленген тәртіппен тиым салынады.

16. Календарлық жылдың ішінде дайындаушы-зауыттардан шыққан және осы жылы тіркеу пункттерінде тіркелген жаңа машиналардың техникалық жай-күйін байқау, олардың техникалық жай-күйін тексермей-ақ өткізіледі.

17. Техникалық жай-күйі шығарушы-зауыттың нұсқауына сәйкес келетін немесе машиналарға бекітілген техникалық талаптарға сәйкес, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі жөніндегі мемлекеттік стандарттарға сәйкес толық жабдықталған машина ақаусыз деп саналады.

18. Мемлекеттік техникалық байқаудан өткен машиналарға, машиналарды мемлекеттік техникалық байқау журналында (4-қосымша) және тіркеу құжатына "Ақаусыз" деген жазу жазылады және пайдалануға рұқсат беретін Машинаны техникалық байқаудан өткізу туралы талон беріледі, (5-қосымша) байқау өткізілген жылы көрсетіледі ол Мемтехинспекцияның инспекторының қолымен және тіркеу пунктінің штамымен куәландырылады. Талон кабинетінің (оның ішкі жағынан) алдыңғы әйнегінің оң жақтағы төменгі бұрышына бекітіледі және

жаңа талон алғанға дейін алынбауға тиіс.

Талон жоғалған немесе зақымданған жағдайда аумақтық басқармалармен қайта бақылау жүргізілген оның дубликаты беріледі.

Ескерту: 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2008.11.27 N 732 бұйрығымен .

19. Агрегаттар мен механизмдер ажыратылмай диагностикалық приборлар және тексеру құралдарымен тәсілдерді пайдаланып тексеріледі. Тіркемелердің жай-күйі поездың құрамында тексеріледі.

20. Машиналарды басқару жағдайында, мемлекеттік техникалық байқау өтпегендігі немесе техникалық байқаудан өткен бірақ ақауы бар, пайдалану қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жүру қауіпсіздігіне немесе экологиялық жағдайды төмендететін, қолданыстағы заңнамаға сәйкес кінәлі адамдарға әсер ету үшін іс-шаралар қолданылады, ондай машиналардың нөмір белгілері алынып пайдалануға тиым салынады.

21. Тұрақты есепте тұрған жерінен басқа аудандарға 2 айдан астам уақытқа шыққан машиналар, уақытша есепте тұрған жерінің Мемтехинспекторына соңғысы белгілеген мерзім бойынша техникалық байқауға ұсынылады.

4. Машинаның мемлекеттік техникалық байқау нәтижелерін ресімдеу

22. Заңды тұлғалардың машиналарын мемлекеттік техникалық байқаудың нәтижелері екі дана Машиналарды мемлекеттік техникалық байқау актімен (1-қосымша) ресімделеді. Бірінші данасы заңды тұлғаның өкіліне беріледі, ал екіншісі анықталған кемшіліктерді жою барысына бақылау жасау үшін "Мемтехинспекцияда" қалады.

23. Жеке тұлғалардың, тек машиналарының құрылымының сәйкессіздігі байқалғанда немесе машиналарды пайдалануға рұқсат етілмейтін техникалық ақауы анықталған жағдайда ғана, техникалық байқау нәтижелері Машиналарды пайдалану кезіндегі техникалық байқау актімен (6-қосымша) ресімделеді.

24. Мемтехинспекцияның облыстық, Астана және Алматы қалалық инженер-инспекторлары аумақтық, қалалық басқарма бойынша машиналарды мемлекеттік техникалық байқаудың жиынтық қорытындысын, машиналарға мемлекеттік техникалық жүргізуді жақсарту жөнінде әзірленген шаралар мен ұсыныстарды қосып, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне ұсынады.

25. Машиналарды мемлекеттік техникалық байқау құжаттары 3 жыл сақталады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары - Қазақстан
Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрінің
2003 жылғы 8 қыркүйектегі
N 468 бұйрығымен бекітілген
Тракторларға және олардың
базасында жасалған өздігінен
жүретін шассилер мен
механизмдерге, монтаждалған
арнайы жабдығы бар
тіркемелерді қоса алғанда,
олардың тіркемелеріне,
өздігінен жүретін ауыл
шаруашылық, мелиоративтік
және жол-құрылыс машиналары
мен механизмдеріне жыл
сайынғы мемлекеттік
техникалық байқау жүргізу
ережелеріне 1-қосымша

Машиналарды мемлекеттік техникалық байқау акті

200__ж. " __ " _____

Мен, _____

(Т.Е.Ә., Мемтехинспекцияның атауы)

Мемтехинспекцияның инженер-инспекторы _____

(тексеруге қатысып отырғандар, Т.Е.Ә.)

бірге

(з а ң д ы т ұ л ғ а)

балансында тұрған машиналарды техникалық жай-күйіне байқау өткіздік.

Техникалық жай-күйіне байқау кезінде төмендегілер анықталды:

1. Техникалық байқауға жалпы саны _____ төмендегі
(с а н ы)

м а ш и н а л а р

ұ с ы н ы л д ы .

NN |Маши. |Маши. |Мем. | Шығарушы |Шыға.| Техникалық | Техникалық
р/н|наның |наның |ле. | зауыттың |рыл. | жай-күйін | жай-күйін

атауы	мар.	кет.	реттік	ған	тексеруден	тексеру		
	қасы	тік	нөмірі	жылы	өткендігі	талонының		
		тір.	_____		туралы	нөмірі		
		кеу	Маши. Дви.		қорытынды	немесе		
		бел.	наның га.			оны алу		
		гісі	(ра. тель.			жөніндегі		
			масы. дің			белгі		
			н ы ң)					
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Техникалық жай-күйін байқаудан _____ машина өтті.
(саны)

Техникалық жай-күйін байқаудан _____ машина өтпеді, оның
(с а н ы)

ішінде мына себептермен:

техникалық ақаулы _____ машина;
(саны)

толық жөндеуде _____ машина;
(саны)

құрылмасының нормативтік-техникалық құжаттамаларға сәйкес
келмеуінен _____ машина өтпеді.
(саны)

2. _____ машина техникалық жай-күйін тексеруге ұсынылмады:
(с а н ы)

NN	Маркасы	Мемлекеттік	Техникалық	Техникалық
р/н		тіркеу	жай-күйін	тексеруден
		белгісі	тексеруге	өткендігі
			ұсынылмауының	жөніндегі
			себептері	талонды
			тапсырғандығы	
			жөніндегі белгі	
1	2	3	4	5

Кәсіпорынның, ұйымның басшысы
(қолы, Т.Е.Ә.)

Бухгалтер (немесе, есеп жүргізуші тұлға) _____

(қолы, Т.Е.Ә.)

Мемтехинспекцияның инженер-инспекторы _____

(қолы, Т.Е.Ә.)

Комиссия мүшелері: _____

(қолы, Т.Е.Ә.)

(қолы, Т.Е.Ә.)

техникалық тексеруден өткендігі жөніндегі талондардың (пайдалану үшін рұқсатнаманың) барлығы _____ данасын заңды тұлғаның өкілі алды.

(қолы, Т.Е.Ә.)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң
о р ы н б а с а р ы - Қ а з а қ с т а н
Р е с п у б л и к а с ы А у ы л
ш а р у а ш ы л ы ғы м и н и с т р і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 8 қ ы р к ү й е к т е г і
N 4 6 8 б ұ й р ы ғы м е н б е к і т і л г е н
Т р а к т о р л а р ғ а ж ә н е о л а р д ы ң
б а з а с ы н д а ж а с а л ғ а н ө з д і г і н е н
ж ү р е т і н ш а с с и л е р м е н
м е х а н и з м д е р г е , м о н т а ж д а л ғ а н
а р н а й ы ж а б д ы ғы б а р
т і р к е м е л е р д і қ о с а а л ғ а н д а ,
о л а р д ы ң т і р к е м е л е р і н е ,
ө з д і г і н е н ж ү р е т і н а у ы л
ш а р у а ш ы л ы қ , м е л и о р а т и в т і к
ж ә н е ж о л - қ ұ р ы л ы с м а ш и н а л а р ы
м е н м е х а н и з м д е р і н е ж ы л
с а й ы н ғы м е м л е к е т т і к
т е х н и к а л ы қ б а й қ а у ж ү р г і з у
е р е ж е л е р і н е 2-қ о с ы м ш а

**Машиналарды мемлекеттік техникалық байқауға
байланысты талаптарды регламенттеуші
нормативтік-техникалық құжаттардың
Тізбесі**

1. Шығарушы-зауыттың нұсқаулары.
2. МЕМСТ 23181-78 "Автокөлік құралдарының гидравликалық тежегіштерінің жетектері. Жалпы техникалық талаптар".
3. МЕМСТ 22895-77 "Автокөлік құралдарының тежеу жүйелері және тежегіштік қасиеттері. Тиімділік нормативтері. Жалпы техникалық талаптар" (жалпы пайдаланылатын автожолдармен жүруге арналмаған автокөліктер үшін).
4. МЕМСТ 4364-81 "Автокөлік құралдарының пневматикалық тежеу жүйелерінің жетектері. Жалпы техникалық талаптар".
5. МЕМСТ 12.2.11-85 "Аспалы және тіркемелі ауыл шаруашылық машиналары. Жалпы қауіпсіздік талаптары".
6. МЕМСТ 12.2.019-86 "Тракторлар және өзідігінен жүретін ауыл шаруашылық машиналары. Жалпы қауіпсіздік талаптары".
7. МЕМСТ 28708-90 "Ауыл шаруашылық жұмыстарын шағын механикаландырудың ұтқыр құралдары. Құрылмасына қойылатын жалпы қауіпсіздік талаптары".
8. МЕМСТ 12.2.120-88 "Өздігінен жүретін жол-құрылыс машиналарының, бір өсті сүйреуіштердің, карьерлік өзі аударғыштардың, және өзідігінен жүретін ауыл шаруашылық машиналары операторларының кабиналары және жұмыс орындары. Жалпы қауіпсіздіктің талаптары".
9. МЕМСТ 19677-87 "Ауыл шаруашылық тракторлары. Жалпы техникалық талаптар".
10. МЕМСТ 18699-73 "Электрлік әйнек тазалағыштар. Техникалық талаптар".
11. МЕМСТ 10000-75 "Трактордың тіркемелері және жартылай тіркемелері. Жалпы техникалық талаптар".
12. МЕМСТ 3481-79 "Тракторлар және ауыл шаруашылық жетек-жалғау құралдары. Тұрпаттары, негізгі параметрлері және өлшемдері".
13. ҚР СТ 1176-2003 "Механикалық көлік құралдарына және олардың тіркемелеріне арналған жарықшағылыстырғыш қапталған мемлекеттік тіркеу белгілері".
14. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 қарашадағы N 1650 қаулысымен, оның 1999 жылғы 26 мамырдағы N 643 өзгертулерімен қоса бекітілген "Қазақстан Республикасының жолда жүру ережесі".

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

о р ы н б а с а р ы - Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы А у ы л

ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 8 қ ы р к ү й е к т е г і

№ 468 бұйрығымен бекітілген
Тракторларға және олардың
базасында жасалған өздігінен
жүретін шассилер мен
механизмдерге, монтаждалған
арнайы жабдығы бар
тіркемелерді қоса алғанда,
олардың тіркемелеріне,
өздігінен жүретін ауыл
шаруашылық, мелиоративтік
және жол-құрылыс машиналары
мен механизмдеріне жыл
сайынғы мемлекеттік
техникалық байқау жүргізу
ережелеріне 3-қосымша

Машинаның техникалық жай-күйі картасы

Маркасы _____ шыққан жылы _____
мем. нөмірі _____ зауыттық нөмірі _____
двигателдің нөмірі _____
Т.Е.Ә (заңды тұлғаның атауы) меншік иесінің (иеленушінің) _____

Көрсеткіштер

| жай-күйі

1

2

1. Ақаусыз машинаға негізгі талаптар:
- барлық детальдары, бекітуші детальдарымен қоса бүтін
болуы тиіс, түйіні және механизмдері реттелген және
майланған, оның ішінде тығыздағыштары орнында болуы,
шплинттер, шайбалар трактордың ақаусыз таңдалған
аспаптары болуы қажет.

2. Д в и г а т е л ь :

- негізгі және қосу двигательдері оңай оталуы және
жүктелген және жүктелмеген режимде біркелкі жұмыс
істеуі тиіс;
- су, жанармай және май ақпайды;

- түтін шығатын түтіктен және сапуннан дыбыс және түтіндеу байқалмайды, картердегі майдың жалпы шығыны (жанғанын қосқанда) жағылған жанармайдың көлемінің 2 % а с п а у ы т и і с ;

- дыбыс сөндіргіш шектелген шуды қамтамасыз етеді, жалғағыштар арқылы коректену және газ алмасу жүйесіне газ кірмейді, тексеру аспаптары дұрыс мәлімет береді, турбокомпрессор двигательдің тиянақты жұмысын қамтамасыз е т е д і ;

- негізгі двигатель гарантиялық жанармай шығынын және айналымын сақтап, номиналды қуатын алады.

3 . Б а с а ж ы р а т қ ы ш :

- еркін қозғалысы нормада, қосылған жағдайда тайғанау жоқ, берілісті өзгерткіш біркелкі қосылады.

4 . Б е р і л і с т і ө з г е р т к і ш қ о р а п :

- м а й а қ п а й д ы ;

- трактордың жұмыс жағдайында берілістер жеңіл қосылады және ажырайды, өздігінен ажырап кету жоқ, дүрсіл және қатты дыбыс байқалмайды.

5 . А р т қ ы б і л і к :

- дүрсіл және қатты дыбыс шықпайды және трансмиссия қ ы з б а й д ы , м а й а қ п а й д ы ;

- машинаның тура жүруі қамтамасыз етіледі, бұрылыстарда қ а т т ы д ы б ы с б а й қ а л м а й д ы ;

- тиянақты және тез тежеу қамтамасыз етіледі, артқы біліктің қорабында және жеңқорабтарында жарық жоқ.

6 . Р а м а :

- ұзына бойғы балкаларда және көлденең брустарда босаған заклепалар, жарық, сынық жоқ.

7 . Г и д р о - а с у ж ү й е с і :

- аспа жабдықтар жағдайда тиянақты тұрады, жұмыс кезінде май қатты қызбайды, көпірмейді, бак көмейі арқылы ш а ш ы р а м а й д ы ;

- бөлгіштің тұтқасы жұмыс қалпынан бейтарап күйге автоматты түрде қайтады, бөлгіштің тұтқасы "Көтеру" күйінен "Бейтарап" күйге уақыттан бұрын автоматты т ү р д е қ а й т п а й д ы ;

- Золотниктің автоматы нормалды - 115-125 кгк/см² қысым

шегінде, ал сақтандыру клапандары 130-140 кгк/см² қысымда ашылады.

8. Электрлік жабдықтар:

- аккумуляторлық батарея қалыпты қуатқа ие, электролиттің қажетті деңгейі бар, ақпайды, тығындарының тесіктері тазалаған;
- генератор аккумуляторлық батареяны зарядтауды қамтамасыз етеді, регулятор тізбекте тұрақты қуатты ұстап тұрады және генераторды асыра жүктеуден сақтайды;
- стартер қатты дыбыссыз қосылады және двигательдің иінді білігін еркін айналдырады;
- жарық фаралары, подфарниктер, артқы фонарлар, қосқыштар, сақтағыштар, электр өткізгіштер, дыбыс сигналы және әйнек тазалағыш ақаусыз.

9. Жүру бөлігі:

- шиналар мен доңғалақтар тесіліп зақымданбаған, шина корды қабаттарға ажырамаған, протектордың суретінің жойылуы 90% тен аспайды, оң және сол жақ доңғалақтардың өлшемі бірдей болуы керек, ауа қысымы нормада;
- алдыңғы ось және бұрылыс цаппалары майыспаған, алдыңғы доңғалақтың ступицасының подшипниктерінің саңылаулары көп емес, доңғалақтың дискісі мен қырсауы тиянақты бекітілген және майыспаған, алдыңғы доңғалақтардың таясуы дұрыс реттелген.

10. Рульдік басқару және кабина:

- рульдік басқарудың жалғағыштары майыспаған, жарығы жоқ, бұрандасы зақымдалмаған, рульдік жалғағыштардың аяқтамаларында және сошкада люфт жоқ, рульдік дөңгелектің люфті дұрыс реттелген;
 - кабина, капот, алдыңғы және артқы доңғалақтардың қанаттарының майысқан, бояуы зақымдалған, жарылған жерлері жоқ және тиянақты бекітілген;
 - кабинаның әйнектері түгел, орындық тиянақты бекітілген, есіктер оңай ашылып, тиянақты жабылады, нөмірлік белгілер тиянақты бекітілген, жарықтандырылған;
 - трактор медициналық қорабшамен және өрт сөндіргішпен жабдықталған.
-

Комиссия төрағасы _____

Комиссия мүшелері _____

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары - Қазақстан
Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрінің
2003 жылғы 8 қыркүйектегі
N 468 бұйрығымен бекітілген
Тракторларға және олардың
базасында жасалған өздігінен
жүретін шассилер мен
механизмдерге, монтаждалған
арнайы жабдығы бар
тіркемелерді қоса алғанда,
олардың тіркемелеріне,
өздігінен жүретін ауыл
шаруашылық, мелиоративтік
және жол-құрылыс машиналары
мен механизмдеріне жыл
сайынғы мемлекеттік
техникалық байқау жүргізу
ережелеріне 4-қосымша

Машиналарды мемлекеттік техникалық байқау ЖУРНАЛЫ

NN	байқау	Машинаның	Нөмірлері	Тіркеу	
	жүргізілген	атауы және		нөмірлік	
	күні	маркасы	шассидің	двигателдің	белгісі

1	2	3	4	5	6
---	---	---	---	---	---

Иесінің (иелену. шінің)	Техникалық жай-күйі туралы	Нөмір және басқару куәлігін алу	белгісін және басқару куәлігін алу	Машина меншік иесінің (иеленушінің)
-------------------------------	----------------------------------	---------------------------------------	--	---

Т.Е.Ә.	қорытынды	туралы белгі	қолы
	(а қ а у л ы ,		
	а қ а у с ы з)		
7	8	9	1 0

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары - Қазақстан
Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрінің
2003 жылғы 8 қыркүйектегі
N 468 бұйрығымен бекітілген
Тракторларға және олардың
базасында жасалған өздігінен
жүретін шассилер мен
механизмдерге, монтаждалған
арнайы жабдығы бар
тіркемелерді қоса алғанда,
олардың тіркемелеріне,
өздігінен жүретін ауыл
шаруашылық, мелиоративтік
және жол-құрылыс машиналары
мен механизмдеріне жыл
сайынғы мемлекеттік
техникалық байқау жүргізу
ережелеріне 5-қосымша

(машинаның мемлекеттік нөмірі)

(облыстың атауы)

Трактордың суретінің
орны

Машинаны техникалық байқаудан өткізу туралы

талон N _____

(талонның)

(өткізу мерзімі)

Талонның қайырма беті

Машинаның маркасы және моделі _____

Жыл сайынғы салығы _____ теңге

200__ж. "___" N _____ түбіртек бойынша төленген.

Кезекті техникалық байқаудан 200__ж. _____ өткізуді ұсынады.

Мемтехинспекцияның инженер-инспекторы _____

(қолы)

Талон кабинаның алдыңғы әйнегінің (оның ішкі жағының) оң жақ төменгі бұрышына бекітіледі және жаңа талон алғанша алынбайды.

Машинаны техникалық байқаудан өткізу туралы талонды сипаттау

1. Талон бланкілері көлемі 7,5 x 10,5 см қатты қағаздан жасалады.

2. Талонның бет жағына:

сол жақта - нөмірлік белгі және трактордың бейнесі;

оң жақта - аймақтың атауы және шетінде машинаны техникалық тексеруге берген жылдың соңғы екі санын көрсетуге арналған көлемі 5 x 5,5 см орын. Олардың астына талонның реттік нөмірі мен техникалық тексеруден өткен мерзімі көрсетіледі.

3. Талонның қайырма бетінде техникалық тексеру ережелері мен 6-қосымшаға сәйкес мәліметтер көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

орынбасары - Қазақстан

Республикасы Ауыл

шаруашылығы министрінің

2003 жылғы 8 қыркүйектегі

N 468 бұйрығымен бекітілген

Тракторларға және олардың

базасында жасалған өздігінен

жүретін шассилер мен

механизмдерге, монтаждalған

арнайы жабдығы бар

тіркемелерді қоса алғанда,

олардың тіркемелеріне,
өздігінен жүретін ауыл
шаруашылық, мелиоративтік
және жол-құрылыс машиналары
мен механизмдеріне жыл
сайынғы мемлекеттік
техникалық байқау жүргізу
ережелеріне 6-қосымша

Машинаны пайдалану кезіндегі техникалық байқау акті

200__ж. "__" _____

Мен, _____

(Т.Е.Ә., Мемтехинспекцияның атауы)

Мемтехинспекцияның инженер-инспекторы _____

(иесінің толық мекен-жайы, Т.Е.Ә.)

_____ машинасын техникалық байқаудан өткіздім.

Маркасы _____ Зауыттық N _____

Шыққан жылы _____ Мемлекеттік тіркеу белгісі _____

Двигательдің N _____ Пайдаланғаннан бастап жұмысы _____ мото-сағат(км)

_____ Мемтехинспекциясында есепте тұрған

(Мемтехинспекцияның атауы)

Техникалық ақауы байқалды _____

Қорытынды _____

(ақаусыз, ақаулы) (мемлекеттік техникалық байқаудан

_____ алынып, пайдалануға тиым салынды.

өту жөніндегі талоны, тіркеу белгісі)

Мемтехинспекцияның инженер-инспекторы _____

(қолы, Т.Е.Ә., мөрі)

Актінің көшірмесін алдым _____

(иесінің қолы)

Ақауын жөндегеннен кейін машинаны мына мекен-жайға
қайта техникалық тексеруге беру керек:

_____ (жылы, күні, айы, техникалық тексеру өткізілетін мекен-жай)
қолында осы актінің көшірмесімен.

200____ж. " __ " _____ қайта техникалық тексеруден өтті
Қорытынды _____
(ақаусыз, ақаулы)

Мемтехинспекциясының инженер-инспекторы _____
(қолы, Т.Е.Ө)

Мемлекеттік техникалық байқаудан өткендігі жөніндегі
(мемлекеттік тіркеу белгісі) талонды (пайдалануға рұқсатнаманы) алдым

(қолы, Т.Е.Ө.)